

А.Т. Мұхамеджанова¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Нұр-сұлтан, Қазақстан)*

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА АНЫҚТАУЫШТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Аннотация

Мақалада Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романындағы анықтауыштардың тілдік ерекшелігі, қолданылу аясы мен жасалу жолдары қарастырылған. Сондай-ақ олардың синтаксистік жүйедегі қызметі анықталған.

Түйінді сөздер: *сөйлем мүшелері, анықтауыш, қабысу, матасу, күрделі анықтауыштар.*

А.Т. Мухамеджанова¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Нур-Султан, Казахстан)*

ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

Аннотация

В статье рассмотрены языковые особенности, область применения и способы создания определений в романе К.Жумадилова «Дарабоз». Также определена их функция в синтаксической системе.

Ключевые слова: *члены предложения, определение, примыкание, согласование, сложные определения.*

А.Т. Mukhamedzhanova¹

*¹Kazakh national Academy of choreography
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

SCOPE OF THE DEFINITION IN A WORK OF ART

Annotation

The article discusses the language features, scope and methods of creating definitions in K. Zhumadilov's novel «Daraboz». Their function in the syntax system is also defined.

Key words: *sentence members, definition, adjunction, agreement, complex definitions.*

Кіріспе. Синтаксис – сөздердің бір-бірімен байланысу амалдарын, сөз тіркесін, сөйлемді құру тәсілдерін, олардың құрамы мен түрлерін, сөйлемдердің ірі бірліктерге бірігу тәсілдері мен түрлерін, ондағы жеке сөйлемдердің бір-бірімен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылысының жетілу әдістері сияқты толып жатқан проблемалық мәселелерін анықтаудың басты бір танымал жолы – көркем шығарма материалдарын талғап, таңдап, сұрыптап тани білу, синтаксис ғылымын одан әрі дамыту үшін арғы-бергі замандарда жазылып қалған мұраларды игеру, зерттеу, олардың қыр-сырын ашу, оларды қазақ халқының тарихи игілігіне пайдалану.

Осыған орай, сөздердің өзара тіркесу қабілеті әдеби тілдің дамуынан, тілдік фактордың әсерінен өзгеріп, жаңа мәнге ие болып отыратындықтан, Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» [1] шығармасы тіліндегі анықтауыштардың құрылымын, өзіндік ерекшеліктері мен жасалу жолдарын танып білудің маңыздылығы жұмыстың өзектілігін дәлелдейді.

Сөйлем мүшелері деп аталған синтаксистік категория өзінің грамматикалық мағынасымен және морфологиялық табиғатымен анықталады. Сөйлемде негізгі материал болатын сөз және сөз тіркесі сөйлем құрамына енгенде жаңа сипатқа ие болады. Ондағы әрбір сөз морфологиялық тұлғаға еніп, грамматиканың қарамағына түскенде, оның тілдегі атқаратын қызметі айқындала түседі, яғни сөйлем құрамында сөйлем мүшелерінің өзіне тән тиесілі атқаратын жүгі, синтаксистік қызметі бар. Синтаксистік белгілі бір міндетті атқарумен қатар сөз синтаксистік қатынастарды да қалыптастырады. Сөздің синтаксистік қызметі көп жағдайда өзі тіркесетін сөздің лексика-грамматикалық ерекшелігіне байланысты болады да, көбіне сөз тіркесі құрамында айқындалады. Бұған Т.Сайрамбаевтың: «Сөйлем мүшелері сөйлемде қаралады дедік. Бірақ сөз тіркесі сияқты сөйлем мүшелерін сөйлемнен жеке алып, өз алдына қарай алмаймыз. Олардың өмірі тек сөйлемде тұрғанға ғана айқындалса керек. Сөйлем мүшелері сөйлемнің ішінде бастауыштың не баяндауыштың немесе соларға қатыстылығымен ерекшеленеді. Сөйлем мүшелері бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш деп жеке-жеке алынып, талданғанымен, бәрібір екінші бір сөзге қатыстылығы айқын байқалып отырады», - деген пікірі нақты дәлел [2, 66 б.].

Әдебиеттерге шолу. Мақалада сөйлем мүшелеріне қатысты ғылыми зерттеулер, оқулықтар, монографиядағы ғылыми теориялар басшылыққа алынды. Атап айтқанда М.Балақаев, С.Аманжолов, К.Аханов, Т.Қордабаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов, М.Серғалиев, Қ.Шәукенов, Х.Арғынов, Т.Сайрамбаев, Р.Әмір, сынды ғалымдардың еңбектері жұмысымызға негіз болды. Сонымен бірге жазушы Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» атты көлемді шығармасы талдауға пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің мақсатына сәйкес, жалпы тіл білімінде қалыптасқан сипаттамалы, талдау, жинақтау, әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, жүйелеу, топтау, бағалау, талдау тәсілдері де қолданылады.

Зерттеу нәтижесі. Сөйлемнің өзге мүшелеріне қарағанда анықтауыштардың дамуы өте күрделі. Ол дамуда формалық, құрылымдық, мағыналық жақтан түрлі тәсілдерді меңгерген. Ойды дәл, әсерлі жеткізуде маңызды қызмет атқарады. Анықтауыш (ағылшын тіліне «determination», французша «determination», немісше «bestimmtheit») – сөйлемде заттың сын, сапа, сан-мөлшер, қасиеті, бағасы, түсі жағынан анықтайтын тұрлаусыз мүшелердің бірі [3, 256 б.].

Біз Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» романындағы анықтауыштардың тілдік табиғатын анықтап, қолданылу аясы мен жасалуын сөз етуді жөн көріп

отырмыз. Жалпы анықтаушы сөз бен анықталушы сөздер өзара қабыса әрі матаса байланысады. Сапалық анықтауыштардың анықтайтын сөздермен қабыса, ал меншікті анықтауыштардың матаса байланысатындығы белгілі. Шығармада қабыса және матаса байланысқан анықтауыштар жиі кездеседі, оның ішінде қабыса байланысқан анықтауыштар молынан жұмсалған.

Өзі қатысты сөзбен қабыса байланысып, анықтауыш қызметінде жұмсалған сөздер – сын есімдер мен сан есімдер, етістіктің есімге ұқсас түрлері (есімше және қимыл есімдері), зат есімдер мен есімдіктер. Бұл сөз таптары қабыса байланысқан анықтауыштар қызметінде әр түрлі жолдармен жасалған, сондай-ақ бұл сөз таптарының жұмсалу аясы да әртүрлі. Енді бұларға жекелей тоқталайық:

1. *Сын есімдерден болған анықтауыштар.*

Біз талдау барысында Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» романында сын есімді қабыса байланысқан анықтауыштардың басқа сөз таптарына қарағанда өте жиі жұмсалғанын байқадық. Әрине, бұл заңды да. Олар негізінен төмендегідей жолдармен жасалған:

а) *Нольдік тұлғалы сын есімдер арқылы жасалады.* Мысалы: Дәл іргедегі қалың қамыс арасы сылдырлағандай болды. Қабанбай үстіне *жеңіл шапан* киіпті. Алыстан келген ағайынды арнайы тігілген үйлерге түсіріп, бір *семіз байталға* бата жасатты. Өздерінше терезе теңестіргені, *үлкен орданы* мойындамағаны. Аттар *көк балаусаға* бас қойды. Ірі жайындар терең теңізде гана болады.

ә) *Қатыстық сын есімдер* арқылы да жасалады. Мысалы: *Абылайдай* азулы сұлтанды алысқа жібермей, орталарында ұстауға Арғын рулары да мүдделі-тұғын. Жалғыз қарындасы Майсара ағасын қиып кете алмай, *қарулы жасақтың* құрамында қалған-ды. Қыз да оңаша қағаберісте бұған *отты жанарын* жиі қадайтын. *Жаңбырлы күні білтелі* мылтықтың істен шығатынын білмеуші ме едің?

б) *Сапалық сын есім* мен *қатыстық сын есімнің* тіркесуі арқылы жасалған күрделі анықтауыштар молынан жұмсалған. Мысалы: *Көк биелі сарбаз* Токпақ руынан екен. Ал бұл кезде жасы қырыққа келіп қалса да, нұры таймаған, *сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы Майсара* сонадайдан аттан түсті. *Қара ниетті кәпірлер* жығылып жатыр. *Селдір сақалды егделеу еркек* есіктен кіріп келді.

в) *Салыстырмалы шырай* арқылы: Олжа түсіруді ниет еткен *қызбалау жас батырлар* басылып қалды. Көкжиекте *қызғылттау реңк* көрінді.

г) *Күшейтпелі шырай* арқылы: Батырдың маңдайынан *сұп-суық тер* шықты. Басына *аппақ* берен киген. Бүкіл жоңғар даласы *қып-қызыл өртке* айналды. Жақұттай *аппақ тістерін* жарқырата, сонадайдан ақсия күліп келеді. Екіншісі – *жап-жас, шикіл сары жігіт*. Өз ішінді *жып-жылы қып* жіберді.

ғ) *Асырмалы шырай* арқылы: Аңыздың айтуында, Қабанбайдың асы сол замандағы *аса үлкен астардың* бірі болған. Үй иесі сөзге шалымды, *өте сезімтал жігіт* екен. Жасы отыз бестерге енді келген Әмірсана *тым шапшаң жігіт* еді. Қазақтың тағамы *өте дәмді* болады екен.

д) *Туынды сын есімдер* арқылы да жасалады. Мысалы: *Кешегі ел* қорыған батырың – бүгін жер дауы мен жесір дауын қуған барымтамашы. *Бұлтсыз аспан* жасыл тудай желбіреп тұр. Аруаққа да жан керек екен, *жаңағы аппақ сұлбалар* лезде көзден ғайып болды. *Бүгінгі батырлар* кеңесіне Төле би де

қатысып отырған.

2. *Сан есімдерден болған анықтауыштар.*

Жалпы сан есімнен жасалған анықтауыштар шығармада өте сирек кездеседі. Негізінен, сан есімнің есептік және болжалдық түрлері жұмсалған, ал басқа түрлері талдау барысында кездеспеді.

1) *Есептік дара және күрделі сан есімдер* арқылы жасалып, заттың есебін, санын көрсетеді. Мысалы: Бұл күнде жасы *сексен беске* келіп, сақал-шашы селеудей ағарып кеткен Төле бидің сөзі жұртты бірден ұйытып алды. *Отыз жеті* мүшелін биыл ғана толтырған, тұла бойында артық ет жоқ, бірақ сүйегі тұтас, сіңірлі келген, сұңғақ бойлы Абылай үстіне өңіріне інжу төккен қызыл қамқа шапан, басына сол түстес айыр қалпақ киіп, қос жанарын манағы бір ноқаттан айырмай, қадала қарап отырған-ды.

2) *Болжалды сан есімдер* арқылы жасалады. Мысалы: Ұзын саны *үш мыңдай* адам ат-көлік, қару-жарақтарын сынап, аламан ойындар өткізіп жатқанына да біршама уақыт болған.

3. *Есімдіктерден болған анықтауыштар.*

Есімдіктердің барлық топтары бірдей анықтауыштық қызметте жұмсалуға икем емес. Жіктеу етістіктері түбір күйінде есімнен болған мүшемен қабыса алмайтыны мәлім. Сөйлем құрамында есім мүшеге қатысты болып, анықтауыш қызметінде жұмсалатындар – сілтеу, өздік есімдіктері мен кейбір сұрау, белгісіздік, жалпылауыш есімдіктері. Шығармада сілтеу есімдіктері есімдіктің басқа түрлеріне қарағанда жиі жұмсалады. Олардың қолданылу аясы төмендегідей:

1) *Сілтеу есімдіктері* арқылы жасалады. Анықталатын зат белгілі болып, оны басқа заттан айыра тану керек болғанда, оның алыстығын не жақындығын білдіру керек болғанда, сілтеу есімдіктерін анықтауыш қызметінде жұмсаймыз. Мысалы: *Осы айтылғандардың* ішінде қазір үлкенді де, кішіні де қатты толғандырып отырған мәселе – Қазақ-жоңғар қатынасы екені даусыз. *Сол жақсылығын ұмытсын ба?* Сол екі арада біреулер *бұл хабарды* Әмір санаға жеткізеді. *Мына сөзді* естігенде, қазақтар жағаларын ұстап, дуылдасып қалды.

2) *Жалпылау есімдіктері* де кездеседі. Мысалы: Осыдан үш жыл бұрын *бүкіл өмірін* қазақ даласын жаулауға бағыштаған ойраттың ең соңғы ұлы ханы – Халдан Церен өтті дүниеден.

4. *Есімшелерден болған анықтауыштар.*

Анықтауыштардың басқа түрлері (есімдерден болған анықтауыштар) есім мүшені әр түрлі сын-сапалық, мөлшерлік т.б. жағынан анықтаса, есімшелер өзі тіркесетін есімдерді бұрын болып кеткен қимылға қатысы арқылы тұрғысынан анықтайды. Есімшелердің барлық түрінің анықтауыш болу қызметі бірдей емес, олардың ішінде анықтауыш болып жиі кездесетіндері - өткен шақтық есімшелер.

1) Бұл қызметке көбіне *-ған, -ген, -кен* тұлғалы есімшелер жүреді. Аталған есімшелер анықтауыш қызметінде де шақтық мағынасын жоғалтпай, өзара осы мағынасы арқылы дараланып жұмсалады. Мысалы: *Құлаққа жағымды күмбірлеген қоңыр үнмен* мүдіріссіз, еркін сөйлеп отыр. Төле бидің сөзіне *сүйсінген Қабанбай* батырдың *қарқылдаған күлкисі* қаттырақ шығып кеткен еді. Майсараны жеп-жеңіл көтеріп алды да, *үлбіреген ақ тамаққа* төне берді. *Сойылған малда, байланған биеде* қисап жоқ.

2) Бұдан кейін жұмсалатыны - *-атын, -етін, -итін* тұлғалы есімшелер. Мысалы: Сондай-ақ жатақ жұрты *менсінбейтін көшпенділердің* ежелгі өркөкіректігі де жатыр еді. *Сал бұрыстау жүріп келе жатқан Хадаха* түмендерімен түйіспек көрінеді.

3) *-ар, -ер* тұлғалы есімше анықтауыш ретінде сирек жұмсалады. Мысалы: Бір жағы үңгірленген кішкене шошақ шөптің төңірегіне белуардан *келер* жал тұрып қалған. *Жасқанар* кісіні көрмедім.

Анықтауыштардың екінші бір үлкен тобы – матаса байланысқан анықтауыштар. Бұл жөнінде М.Балақаев: «Бұндай анықтауыштар ілік септікте тұрады да, анықталатын сөз тәуелділік жалғаудың үш жағында болады» - деп көрсетеді [4, 224 б.].

Шығармада ілік жалғауында тұрып, анықталатын сөзбен матаса байланысқандар зат есімдер мен есімдіктер, субстантивтенген сын есім, сан есім, есімшелер. Енді олардың жұмсалу аясын жекелей тоқталайық:

1. Зат есімдер арқылы жасалады.

а) Оның ішінде *жалқы зат есімдер* ілік жалғаулы болып жиі жұмсалады. Мысалы: Кешегі *Әз-Тәукенің* алдын көрген Төле биден сөз артылған жоқ. *Шағалақтың* қолында бір көнек сүті бар. Айналасы он күн шамасында *Көкшетаудың* да қарасын көріп қалып еді. *Қабанбайдың* өз ауылдары да Барқытбелді бауырлай көшіп, *Барлықтың* батыс сілеміне қоныс тепкеніне екі жылдай уақыт болды. *Қаработаның* да күткені сол екен.

ә) *Жалқы күрделі зат есімдер* арқылы: *Төбет бидің* кесіміне екі жақ та қарсы ештеңе айта алмады. Бұл кеңеске *Әбілмәмбет ханның* қатыса алмайтыны күні бұрын мәлім болған. Бұны көргенде *Өтеген батырдың* өңі бұзылды. Бұл – *Қаз дауысты Қазыбектің* де өмірінің ақтық күндерінде айтқан ең соңғы билігі еді.

б) *Жалпы зат есімдер* арқылы: *Батырдың* ойын кенет өрістен айдап әкелген мініс *аттарының* кісінегені, *жылқышылардың* қиқуы бөліп кетті. Әл үстінде жатқан *адамның* ақтық тілегін орындамауға ешкімнің қақысы жоқ. *Қазақтың* жаңа қонысқа көшкені – қанатты *құстың* ұшқаны тәрізді.

в) *Дерексіз зат есімдер* арқылы: *Жақсылық пен жамандықтың, ерлік пен ездіктің* тепе-теңдігі бұзылып, дүние бір сәт шайқалғандай болды. *Әлемнің* алтыдан бір бөлігіне билік жүргізді. Кезінде айтылмаған сөздің әкесі өледі.

г) *Жалпы күрделі зат есімдер* арқылы: *Найман басшысының* бұл сөзін жерден тапшылық көріп отырған Абақ Керейдің бас батыры Жәнібек те қостады. *Үй иесінің* қай тұста отыратынын жақсы білетін Ердене жаңағы саңлауды соған қарама-қарсы жақтан әдейі ашса керек. *Үй иесінің* он үш-он төрттерге келіп қалған Мүней атты ерке қызы бар екен. Қубасқа күнде таңертең ішкізетін бір *көнек бие сүтінің* де дайын тұрғаны хақ.

2. *Есімдіктер* арқылы жасалады. Матаса байланысқан анықтауыштар қызметінде есімдіктің барлық түрлері колданылады. Оларға мынадай:

а) *Жіктеу есімдіктері* арқылы: *Біздің* көгенбасы үлкеніміз – деді Банжыр қызы далаға шығып кеткен кезде. – *Менің* атымды көтере алса – Қабанбай болар. – Е, бәсе, *біздің* хандар мен қолбасы батырлар да айға қарап отырмаған болар. *Олардың* да тамағының тесігі бар екен.

ә) *Сілтеу есімдіктері* арқылы: *Мұның* аты ерлік пе, есерлік пе, жіп тағу қиын еді. *Мынаның* да төбесі тесік шығар. - – Жарайды, *оның* да бір жөні табылар. Енді қазақ ордасының алдында *бұлардың* қайсысын қолдау керек

деген мәселе тұр еді. *Оның* арты неге әкеліп соққаны белгілі. Әлі де әңгіме әсерінен шыға алмаған жас батыр Еспембет *өзінің* өжет те өр мінезіне басты.

б) *Өздік есімдігі* арқылы: Қалың ел қаумаласып, батырдың сүйегін *өзінің* төл аты Кубасқа көлденең салды да, елге қарай алып жүрді. *Өзінің* кімді жоғалтқанын дана халық бірден сезінген. Сөйтіп, ұлы даланы дүбірге толтырған сол жиында қазақ елі *өзінің* Дарабозын соңғы рет жоқтады.

в) *Болымсыздық есімдігі* арқылы: Әл үстінде жатқан адамның ақтық тілегін орындамауға *ешкімнің* қақысы жоқ.

г) *Белгісіздік есімдігі* арқылы: *Әркімнің* көңілі жоғары болғанмен, түбінде біреу төрелік айтуы керек қой. *Басқалардың* қандай ойы барын кім білсін, өз басым биыл жаз Найман атаңның біраз ауылдарын қоныс аударамын. *Басқасының* керегі жоқ. *Әрқайсысының ойлағаны* – бір. Осы сұрақ *аркімдердің-ақ көкейінде* тұрса керек.

д) *Жалпылау есімдігі* арқылы: Оның бергі жағында, осы жорықтағы көкжал Барақ, Танаш, Ақпантай бастаған Көкжарлы, Бура жігіттерінің ерлігі *бәріміздің* есімізде.

3. *Сын есімдер* арқылы жасалған матаса байланысқан анықтауыштар да кездеседі. Дегенмен бұлар өте сирек кездеседі. Мысалы: *Ақтың* жүзі кетілді. *Жақсының* сөзі жарым ырыс. *Ақылдының* сөзін тыңдар құлақ. *Жаманның* кесапаты тимесі болды ғой.

4. *Сан есімдер* ақылы жасалады. Шығармада ілік жалғаулы сан есімдер өте сирек қолданылады. Есептік сан есімдер ғана кездесті. Оның өзі саусақпен санарлық. Мысалы: Бұл күнде алпыстың беллесін мол аралап кеткен қарт батыр соңғы күндері белінен шойырылып жатыр екен. Қазір *елудің* қырқасына шығыпты. Жасы *сексеннің сеңгіріне* таянса да, Бұқар атаң да әлі тың болатын.

Қорытынды. Сонымен қорыта айтсақ, шығармада қабыса байланысқан анықтауыштар жасауға зат есім, сын есім, сан есім, есімдік қатысқан. Бұл сөз таптарының ішінде ең жиі жұмсалатыны – сын есімнен жасалған сөз таптары. Сондай-ақ қабыса байланысқан анықтауыштар дара және күрделі түрде жұмсалады. Дара түрлеріне қарағанда, күрделі анықтауыштар шығармада молынан жұмсалған. Сондай-ақ шығармада әр түрлі сөз таптарының мағыналық бірлігі арқылы жасалған анықтауыштар да молынан жұмсалған. Олардың өзіндік жасалу жолдары да анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмаділов Қ. Дарабоз. – Алматы: Жазушы, 1996. – 416 б.
2. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 168 б.
3. Тіл білімінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Білім, 2004. – 224 б.

Rerences:

1. Zhumadilov Q. *Daraboz*. – Almaty: Zhazushy, 1996. – 416 b. (In Kazakh.).
2. Sajrambaev T. *Sojlemnin turlauly musheleri*. – Almaty: Qazaq universiteti, 1991. – 168 b. (In Kazakh.).
3. Til biliminin sozdigi. – Almaty: Gylym, 1998. – 544 b. (In Kazakh.).
4. Balaqaeв M., Sajrambaev T. *Qazirgi qazaq tili: Soz tirkesi men zhaj sojlem sintaksisi*. – Almaty: Bilim, 2004. – 224 b. (In Kazakh.).